

БЕЙСЕНБАЕВА РАУШАН ХАМЗАҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы



Бейсенбаева Раушан Хамзақызы 1970 жылы Сарыағаш ауданы, Жылға ауылында дүниеге келген.

1987 жылы С.Сейфуллин атындағы орта мектебін бітірген.

1987-1992 жж. М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтын бітіріп, 1992-1998 жылдар аралығында Қазақ тілі кафедрасының оқытушысы, 1998ж. Шығыстану институты Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, 2000ж-2009ж. ОҚПУ Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарған.

2010 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Ергөбектің жетекшілігімен «Б.Кенжебаев – кеңес дәуірі әдебиетін зерттеуші» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

2010-2014ж. БОПӘ кафедрасының меңгерушісі, 2014-2019 Тілдік пәндер кафедрасының меңгерушісі, 2019ж.-2021 Silkway халықаралық университеті Тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарған.

2021жылдың қараша айынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында аға оқытушы.

Р.Х.Бейсенбаева бірнеше ғылыми мақалалар мен оқу құралдарының авторы. Атап айтсақ: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: оқу құралы- Шымкент, «Әлем» баспасы, 2016, - 125 бет (Көпбосынов М.А.), «Б.Кенжебаев – кеңес дәуірі әдебиетін зерттеуші» (2010) атты монография. Ғылыми еңбектерінде қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы, даму кезеңдері, көркемдік ерекшеліктері, теориялық мәселелері қарастырылған.

Марапаттары: АЛҒЫС ХАТ Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев Ж.Қ. / Наурыз 2017ж., АЛҒЫС ХАТ SILKWAY халықаралық университетінің президенті М.Б.Юнусов / Наурыз 2019ж., «2019 жылдың үздік педагогы». ҚР «Білім өркениеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы.

Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің қазақ тілі және әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады және «XIX ғасыр қазақ әдебиеті», «Халық ауыз әдебиеті» пәндерінен дәріс береді.